



Құсайынов Нұрлан Құсайынұлы

Құсайынов Нұрлан Құсайынұлы - 1974 жылы Ермак физкультура техникумын тәмамдап, Шарбақты орта мектебінде еңбек жолын бастап, осы атаулы мектепте үздіксіз 40 жыл ұстаз етіп келген. Мектептің өміріне белсене қатысып, өз ортасында жауапкершілігі мол, әріптестердің құрметіне бөленген маман екенін дәлелдеп келген.

Осы уақыт ішінде көптеген шәкірт тәрбиелеп, жетістіктерге жеткізген. Н.К. Кусаинов дене шынықтыру сабақтарын мемлекеттік стандарт талаптарына сай өткізіп, теориялық және практикалық дайындық деңгейі жоғары болатын. Өз сабақтарында оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруда жаңа формалары мен әдістерін тиімді пайдаланатын.

Балалар спорттық «Жастар» қоғамдық жетілуіне өз үлесін қосатын. Үстел теннисі мен волейбол секцияларының жаттықтырушысы және жетекшісі болған. Дарынды балаларға баса көңіл бөліп, оның тәрбиеленушілері волейболдан және үстел теннистен облыстық спартакиадасында бірнеше чемпионы және жүлдегері болатын.

Көп жылғы еңбектері үшін бірнеше рет аудандық оқу бөлімі, кәсіподақ, аудандық әкім грамоталарымен марапатталған.

2007 жылы Павлодар облысының Білім департаментінің Құрмет грамотасымен;

2009 жылы аудан әкімінің алғыс хаты;

2009 жылы Облыс әкімінің алғыс хаты;

2009 жылы Павлодар облысының туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының грамотасымен марапатталған.

2009 жылы спорттың ізбасарларын даярлауға және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қосқан үлесі үшін Төсбелгімен марапатталды.

2025 жылдың 2 шілдесінде дүниеден озды.